

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

10 қыркүйек, 2012 жыл

Атырау қаласы

2012 жылдың 10 қыркүйегінде Атырау мұнай өңдеу зауытында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Жапония мұнай компанияларының жетекшілері, мемлекеттік қадағалаушы органдар мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені құрылысының іргетасына «алғашқы тас» қалауға арналған салтанатты шара болып өтті.

"Атырау МӨЗ-ындағы мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені құрылысы" Жобасы 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасының Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында және ҚР аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарының зиянды заттар шығарындыларына қойылатын талаптар туралы Техникалық регламентте көзделген шараларды орындау аясында жүзеге асырылуда.

МТӨК құрылысының жобасын жүзеге асырушылар - «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры, «КазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ, «КазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ, «Атырау МӨЗ» ЖШС және ресейлік «ОмскНефтеХимПроект» ААҚ.

2011 жылдың 29 желтоқсанында «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС мен құрамына қытайлық «Sinopac Engineering», жапондық «Marubeni Corporation» компаниялары және «КазҚұрылысСервис» ҰМҚК АҚ кіретін Консорциуммен арада Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені құрылысының «түбегейлі тапсыру» Шартына қол қойылды. Бұл жоба бойынша Консорциум көшбасшысы «Sinopac Engineering» компаниясы, «Marubeni Corporation» компаниясы Жапон Халықаралық Ынтымақтастық банкі арқылы қаржыландыруды ұйымдастырып, сатып алу, логистика жұмыстарына қатысады. «КазҚұрылысСервис» ҰМҚК АҚ құрылыс жұмыстарына қатысып, «Sinopac Engineering» компаниясының жетекшілігімен жергілікті сатып алуларды жүзеге асырады.

Жобаның құны - ҚҚС бірге 1 миллиард 679 миллион 892 мың 520 АҚШ долларына тең. Жүзеге асу мерзімі – 41 ай.

Жобалау-іздістіру жұмыстарын ресейлік «Омскнефтехимпроект» ААҚ жүргізді. Аталған жұмыстар барысында арнайы ұйымды тарту арқылы («КВС» ағылшын компаниясының қатысуымен Роминсерв-Қазақстан) тереңдетіп өңдеу кешенінің салыстырмалы сараптамасы жасалып, нәтижесінде Кешеннің технологиялық процестері дұрыс таңдалғандығы дәлелденді.

«Axens» француз компаниясы, американдық «UOP» компаниясымен Лицензиялық келісімдерге қол қойылды. Италияндық «Foster Wheeler» және ресейлік «Омскнефтехимпроект» ААҚ-ының технологиялары жасақталды. Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес Кешен құрылысының барлық рұқсат құжаттары алынды. Атырау МӨЗ аумағында мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенін орналастырудың нақты нұсқасы бекітілді.

Жабдықтарды сатып алудағы қазақстандық мазмұн үлесі -16 пайыз немесе 130 273 637 АҚШ долларын, материалдар бойынша – 18% немесе 6 530 356 АҚШ долларын, қызмет бойынша – 35% немесе 290 290 887 АҚШ долларын құрайды.

Инвестициялық жобаның стратегиялық мақсаты – «АтырауМӨЗ» ЖШС қолданыстағы кәсіпорнында әлемдік талаптарға сәйкес келетін жоғары сапалы мұнай өнімдерін және отандық өндірісті өркендету үшін мұнай химиясына шикізат шығаруға мүмкіндік беретін қазіргі заманға сай техникалық база қалыптастыру. Атырау мұнай өңдеу зауытындағы мұнай өңдеу тереңдігін арттыруға қатысты міндеттерді шешу қосымша өңдеу тереңдігін беретін екінді процестердің, сондай-ақ каталитикалық крекинг сияқты терең өңдеудің базалық процестерінің енгізілуімен байланысты. Мұнайды

тереңдетіп өңдеу кешені жылына 2 миллион 400 мың тонна шикізат (қарамай, вакуумды газойль) өңдеуге есептелген. *Жаңа кешен жоғарыоктанды бензин, авиациялық және дизель отынының өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді. 5,5 млн. тонна жылдық мұнай өңдеу қуаты жағдайында АМӨЗ 1 миллион 745 мың тонна автокөлік бензинін, 1 миллион 640 мың тонна дизель отынын, 244 мың тонна авиакеросин өндіретін болады. Қарамай өндірісі 193 мың тоннаға дейін азаяды. Барлық мотор отындары Евро-5 деңгейіне сәйкестендіріледі. Бұл Кешенді жүзеге асыру тек мұнай саласы үшін ғана емес, еліміздің мұнай-газ кешенінің дамуына оң әсерін тигізбек.*

«АМӨЗ-ндағы МТӨК құрылысы» жобасы зауыттың отын өнімдерінің экологиялық сапасын жақсарту, бағалы мұнай шикізатын тиімді пайдалану және өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Өндірістің қоршаған ортаға әсерінің болжалды мөлшері жобаның нормативті, инженерлік-техникалық шешімдерінен аспайды және нысанды орналастырудың таңдалған нұсқасы ҚР экологиялық талаптарына қайшы келмейді. Кешен құрылысының басты мақсаты – қолданыстағы қондырғыларды қайта жаңғырту және жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтарды пайдалану есебінен кәсіпорынды жанарту арқылы зауыттың қызметін жетілдіру және мұнай өнімдері нарығын «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ-ының сапалы мотор отындарымен қамтамасыз ету.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ - көмірсутектерді барлау, өндіру және тасымалдау бойынша қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ 100% акциясы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына» тиесілі.

*«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС:
99,5% үлестің иесі «ҚазМунайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ.
«ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ - «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ 100% еншілес ұйымы.*

Қоғаммен байланыс қызметі	Служба по связям с общественностью	Public Relations Division
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	